

**Мәслихаттың 2014 жылғы 30 қазандағы № 235 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 24 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 мамырда № 6373 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 383 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 15.05.2020 № 383 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 30 қазандағы № 235 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5164 тіркелген, 2014 жылғы 27 қарашадағы "Маяк" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) ай сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынсын.";

көрсетілген шешімнің 2-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

"3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады: ө т і н і ш ;

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат; тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай а н ы қ т а м а с ы ) ;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның  
қ о р ы т ы н д ы с ы ;

мүгедектігі туралы анықтама;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат;  
мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері  
ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті  
а л у ш ы ғ а қ а й т а р ы л а д ы ; " .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс*

*сессияның төрағасы*

*Аудандық*

*мәслихаттың хатшысы*

*Т. Ибрашев*

*С. Сапабеков*

"Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
б а с ш ы с ы

\_\_\_\_\_ Л. Өтешева